

6D110100 – «Медицина» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Ахметова Камшат Мусахановнаның «Репродукциялық жастағы адамдардың метаболизмдік синдромын болжау және профилактикалық шараларын жетілдіру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына

### РЕСМИ РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Диссертациялық жұмыс ғылымның даму бағыттарындағы мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес және қазіргі таңда Қазақстан медицина мамандарының назарын аударып отырған проблема – МС ЖҚА мен басқа да созылмалы жағдайлардың негізгі белгісі болғандықтан, түрлі кәсіби мекемелер ЖҚА мен МС компоненттерінің таралу жиілігін төмендету үшін белсенді жұмыс жүргізуге шақырады.
		1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын	Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес. Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында атап өтілгендей, жоғары көрсеткіштерге ие және тұрақты өсуге бейім, инфекциялық емес ауруларға баса назар аудару – барлық дамыған елдердің денсаулық сақтау саласына тән сипаттардың бірі.

		көрсету)	
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Диссертациялық жұмыс ғылымға айтарлықтай үлес қосады, оның маңыздылығы толымды ашылған. Себебі, бұл зерттеу жұмысының нәтижелеріне сүйене отырып, МС болжау мен алдын алу шараларының негіздемесі жасалды. Астана қаласының репродукциялық жастағы адамдары арасында МС 18,1% жиілікте таралғаны анықталды. Әйелдер арасында 17,1%, ерлер арасында 19,1% жиілікте кездесті. МС құрайтын компоненттер – абдоминальды семіздік 42,9%, семіздік 31,3%, гипоальфахолестеринемия 29,8%, гипертриглицеридемия 9,5%, гипергликемия 5,7%, АГ 40,3% жиілікте репродукциялық жастағы адамдар арасында таралғаны анықталды. МС компоненттері ішінде гипертриглицеридемия (p=0,024) және АГ (p<0,001) әйелдерге қарағанда ерлер арасында жиі кездесетіндігі статистикамен расталды. Осының барлығы диссертациялық жұмыстың ғылымға үлкен үлесі бар екенін растайды және маңыздылығы ашылған деп есептеуге болады.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Диссертациялық жұмысты дайындауда диссертанттың өзі жазу деңгейі жоғары екендегі зерттеу барысында алынған нәтижелерден, ғылыми мақалалар жазу арқылы ғылымға қосқан үлесімен анықталды. Диссертанттың өзі жазу деңгейінің дәлелі оның қойылған міндеттерді теориялық тұрғыдан отандық және шетелдік ғылымдар еңбектеріне толық және нақты талдау жасап

			көрсетуі.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) <u>негізделген</u> ; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертация өзектілігі <i>негізделген</i> . Қарастырылып отырған жұмыс Қазақстанның дамыған елдер қатарына қосылу бағытында алдына қойған мақсаттарының біріне демографиялық жағдайды жақсарту жатады. Халық санының өсіп, демографиялық жағдайдың жақсаруына репродукциялық денсаулық көрсеткіші тікелей әсер етеді. Ал, МС бедеулікке алып келетін негізгі факторлардың бірі болып табылады. Әдебиетке шолу жасау барысында тоқталып өткендей, көптеген авторлар өздерінің жүргізген зерттеу жұмыстарында МС емдеу, репродукциялық қызметтің жақсаруына алып келетіндігін және МС мен репродукциялық қызмет бір-бірімен тығыз байланысты екендігін дәлелдеген. Осылайша, репродукциялық жастағы адамдарда ХХІ ғасырдың басты індетіне айналған МС болжау мен алдын-алуды жетілдіру шараларын негіздеу – өзекті мәселелердің бірі болып табылады.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) <u>айқындайды</u> ; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды	Диссертацияның мазмұны аталмыш зерттеу тақырыбын <i>толымды айқындайды</i> . Жұмыста зерттеу процесінің барлық негізгі компоненттері келтірілген. Диссертация кіріспеден, алты тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімі мен қосымшалардан тұрады.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:	Жұмыстың мақсаты мен міндеттері диссертация <i>тақырыбына сәйкес</i> келеді. Диссертацияның

	<ol style="list-style-type: none"> <li>1) <u>сәйкес келеді</u>;</li> <li>2) жартылай сәйкес келеді;</li> <li>3) сәйкес келмейді</li> </ol>	<p>мақсаты зерттеудің методологиялық аппаратының қисындылығын; бөлімдер мен тараулардың тақырыптарындағы зерттеу өрісіндегі әр аспектілердің өзара байланыстылығын; зерттеу нәтижелерінің бейнелерін нақты көрсетеді. Зерттеу міндеттері зерттеу мақсатына жетудің алгоритмін айқындайды. Диссертациялық жұмыстың зерттеу мақсаты мен міндеттері өзара байланысты және олар тақырыппен шарттасады және келісіммен сәйкес келеді.</p>
	<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <u>толық байланысқан</u>;</li> <li>2) жартылай байланысқан;</li> <li>3) байланыс жоқ</li> </ol>	<p>Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы <i>логикалық жағынан бір-бірімен толық байланысқан</i>. Зерттеу тақырыбы, методологиялық аппараттары, бөлімдері мен тармақтарының арасындағы байланыстары және сәйкестіктері диссертациялық жұмыс мазмұның біртұтас жүйелі сипатын ашады. Өзара байланысты және өзара тәуелді көрсеткіштерді пайдалану, өз нәтижелерін егжей-тегжейлі талдау жұмыстың толымдығын аша түседі.</p>
	<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <u>сыни талдау бар</u>;</li> <li>2) талдау жартылай жүргізілген;</li> <li>3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</li> </ol>	<p>Зерттеу проблемасының бұрын белгілі шешімдерін сыни талдау негізінде докторант өзі логикалық тұрғыдан бағалаған жаңа шешімдерді ұсынады. Алынған нәтижелер автордың негізгі методологиялық ұстанымдарды дұрыс таңдауын; зерттеудің мақсатына, міндеттеріне және болжамына <i>сәйкес</i> келетін бір-бірін толықтыратын зерттеу әдістерін қолдануын көрсетеді.</p>

5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертациялық жұмыс ғылыми жаңашылдық принципіне негізделіп дайындалған. Себебі, ғылыми нәтижелер мен қағидаттар <i>толығымен жаңа</i> болуымен ерекшеленеді. Зерттеу жұмысының аясында Астана қаласының репродукциялық жастағы адамдарында алғаш рет:</p> <p>1. Метаболизмдік синдром компоненттерінің таралу жиілігі анықталды (метаболизмдік синдром – 18,1%, компоненттері: абдоминальды семіздік – 42,9%, жалпы семіздік – 31,3%, гипоальфахолестеринемия – 29,8%, гипертриглицеридемия – 9,5%, гипергликемия – 5,7%, артериалды гипертензия – 40,3%).</p> <p>2. Метаболизмдік синдромның қауіп факторлары (12 жасқа дейін қалыптасқан артық салмақ, генетикалық, бойдақтық, гиподинамия мен темекі тарту, календарлық жас, дұрыс емес тамақтану) анықталды.</p> <p>3. Метаболизмдік синдромның дамуына әсер ететін генетикалық факторлардың 5 бірнуклеотидті полиморфизмі анықталды (rs 7903146, rs 157582, rs 4506565, rs 7578597, rs 072037).</p> <p>4. Метаболизмдік синдромнан зардап шегетін адамдардың денсаулық жағдайы мен тамақтануы бағаланды.</p> <p>5. Метаболизмдік синдромды болжау мен профилактикасының шаралары негізделді (болжау моделі, метаболизмдік синдромды басқару концепциясы).</p>
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа	Диссертация тұжырымдары <i>толығымен жаңа</i> .

		<p>болып табыла ма?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u>;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Зерттеудің әзірленген теориялық ережелері, тұжырымдары мен ұсыныстары жаңа болып табылады. Жүргізілген ғылыми зерттеу жұмысының бірінші міндетіне сай, Астана қаласының репродукциялық жастағы адамдары арасында МС 18,1% жиілікте таралғаны анықталды. Әйелдер арасында 17,1%, ерлер арасында 19,1% жиілікте кездесті. МС құрайтын компоненттер – абдоминальды семіздік 42,9%, семіздік 31,3%, гипоальфахолестеринемия 29,8%, гипертриглицеридемия 9,5%, гипергликемия 5,7%, АГ 40,3% жиілікте репродукциялық жастағы адамдар арасында таралғаны анықталды. МС компоненттері ішінде гипертриглицеридемия (<math>p=0,024</math>) және АГ (<math>p=0,001</math>) әйелдерге қарағанда ерлер арасында жиі кездесетіндігі статистикамен расталды.</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>толығымен жаңа</p>
<p>6.</p>	<p>Негізгі қорытындылардың негізділігі</p>	<p>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген</u>/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың барлық қорытындылары ғылыми тұрғыдан алғанда ауқымды дәлелдемелерде негізделгенді. Диссертациялық жұмыстың мәліметтері бойынша 12 жұмыс жарияланды. Оның ішінде Қазақстан</p>

			Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда – 5; Scopus мәліметтер базасына кіретін халықаралық басылымдарда – 5; халықаралық конференцияда – 2.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) <u>дәлелденді</u>;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) <u>жоқ</u></p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) <u>кең</u></p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>7.1. Қорғауға ұсынылған барлық негізгі қағидаттар теориялық және эмпирикалық зертету әдістермен дәлелденген.</p> <p>7.2. Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар өзіндік түпнұсқалық, бірегей жаңашылдық сипатта болғандықтан, тривиалды емес.</p> <p>7.3. Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар жаңа методологиялық негіздермен ерекшеленген, жаңа болады.</p> <p>7.4. Жасалған әдістемелік нұсқаулар клиникада дәрігерлердің науқастармен жұмыс жасау барысында қолдануға болады, сол себептен қолдану деңгейі кең десек болады.</p> <p>7.5. Авторлық статус диссертация мен мақалалар мазмұнынан айқындалады. Осыған байланысты мақалалар деңгейінде де қағидаттық тұжырымдар жасалып, дәлелденген.</p>
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>Әдістеменің таңдауы диссертация мазмұнында негізделген және әдістемелік деңгейдегі методология нақты жазылған. Әр әдістеме жеткілікті сипатталған.</p>

	акпараттың дәйектілігі	8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ	Диссертацияның нәтижелері заманауи зерттеу әдістері мен мәліметтерді өңдеу әдістерін қолдану арқылы алынған. Математикалық зерттеу әдістері қолданылып, нәтижелері өңделген. Алынған ғылыми-зерттеу нәтижелері мен мәліметтер цифрлық технология арқылы сызба, кесте, диаграмма түрінде ұсынылған.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ	Диссертация мазмұнындағы теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулер арқылы толымды және ғылыми-методологиялық мәдениет тұрғысынан тексеріліп, дәлелденген және расталған. Алынған нәтижелер теориялық және тәжірибелік тұрғыда дәлелденген.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге <u>сілтемелермен расталған</u> / ішінара расталған / расталмаған	Маңызды мәлімдемелер өзекті және шынайы ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті</u> /жеткіліксіз	Пайданаланған әдебиеттер көзі жеткілікті. Диссертация мазмұнында пайдаланылған әдебиеттер тізіміндегі 185 отандық, шетел ғалымдарының тақырып өрісіндегі еңбектеріне шолу берілген.
		9	Практикалық құндылық принципі



			бейімділікті болжауға болады.
		<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) <u>жоқ</u></p>	<p>Зерттеудің практикалық маңыздылығы жоғары:</p> <p>1. Жұмыс нәтижелері бойынша жасалған әдістемелік нұсқаулар клиникада дәрігерлердің науқастармен жұмыс жасау барысында қолдануға болады.</p> <p>2. Репродукциялық жастағы адамдарда метаболизмдік синдромды алдын алуға ұсынылған профилактикалық шаралар жұқпалы емес аурулардың таралуын болдырмауға көмектеседі.</p> <p>3. Алынған нәтижелерді профилактикалық медицина және нутрициология, ішкі аурулар кафедраларының оқу процесіне енгізу - бакалавриат, интернатура және жоғары оқу орнынан кейінгі білім мамандарын дайындауға мүмкіндік береді.</p>
		<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u>;</p> <p>2) <u>жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады)</u>;</p> <p>3) <u>жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</u></p>	<p>Практикалық ұсыныстар <i>толығымен жаңа</i> болады.</p>
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <p>1) <u>жоғары</u>;</p> <p>2) <u>орташа</u>;</p> <p>3) <u>орташадан төмен</u>;</p> <p>4) <u>төмен</u>.</p>	<p>Диссертациялық жұмысқа қойылатын талапқа сәйкес академиялық жазу сапасы жоғары.</p> <p>«Репродукциялық жастағы адамдардың метаболизмдік синдромын болжау және профилактикалық шараларын жетілдіру» тақырыбындағы диссертациялық жұмыс Қазақстан</p>

			Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Дәрежелерді беру қағидалары» талаптарына толық сәйкес келеді және 6D110100 – «Медицина» мамандығы бойынша Ахметова Камшат Мусахановна философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін беруге лайық.
--	--	--	--

**Ресми рецензент:**

Медицина ғылымдарының докторы, профессор

Өмір туралы ғылымдар орталығының директоры/

Адам микробиомасы және ұзақ өмір сүру зертханасының меңгерушісі

«National Laboratory Astana» ММ,

«Назарбаев Университеті» ДББҰ, Астана қ.

e-mail: akushugulova@nu.edu.kz

**ҚҰЖАТТАРДЫҢ ҚОЛДАРЫН АЙҚЫНДАЙМЫН**

м.ғ.д., профессор Кушуғұлова Алмагүл Рахымберліқызы



Кушуғұлова Алмагүл Рахымберліқызы

13.10.2022 ж.